



Qazaqstan
halqyna

**2022 ЖЫЛҒЫ «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ-ДА
«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОҒАМДЫҚ
ҚОРЫНЫҢ ДОНОРЛАР ПУЛЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ҚАРАЖАТТЫҢ
МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**



Бұл есеп жеке банктің бөлінісінде дайындалды, өйткені донорлар аударған қаражатты мақсатты пайдалану әрбір донор үшін жеке ұсыну мүмкін емес. Алайда, Қор донорлардың қаражаты аударылатын банктердің әрқайсысы бойынша донорлардың қаражатын мақсатты пайдалану бойынша есеп жүргізеді. Қаражатты қандай да бір банкке аударған донорлардың әрқайсысы Қордың барлық қайырымдылық бастамаларын қаржыландыруға тең дәрежеде қатысады деп болжанады



2022 ЖЫЛЫ ТҮСІМДЕРДІҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫНАН - 131 786 022 269,67 ТЕҢГЕ
МӨЛШЕРІНДЕ 23,15% ҚОРДЫҢ «Еуразиялық банк» АҚ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ШОТЫНА
АУДАРЫЛДЫ

30 500 000 000 теңге

2022 жылы ірі донорлардан түсетін түсімдер, теңге

Турлов Тимур Русланович

500 000 000

«ERG Көмек» КҚ
КФ «ERG Көмек»

30 000 000 000






Qazaqstan
halqyna


2022 ЖЫЛЫ ТҮСІМДЕРДІҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫНАН - 131 786 022 269,67 ТЕҢГЕ
МӨЛШЕРІНДЕ 23,15% ҚОРДЫҢ «Еуразиялық банк» АҚ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ШОТЫНА
АУДАРЫЛДЫ

30 500 000 000 теңге



Қордың басқа банктердегі шоттарына түсімдер **101 286 022 269,67** теңге

«Еуразиялық банк» АҚ-на түсімдер
30 500 000 000 теңге



01.01.23ж. «Еуразиялық банк» АҚ-дағы қаражат қалдығы **24 831 070 487,20** теңге

2022 жылы қайырымдылық бастамаларын қаржыландыру
5 668 907 612,8 теңге



5 668 907 612,8 теңге

2022 ЖЫЛЫ «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ-ДАҒЫ ЕСЕП ШОТЫНАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

(2 067 394 221,58 теңге; 36,47%)

Орфандық аурулар бойынша дәрілік заттарды сатып алу
– 1 963 325 061,58 теңге

Өңірлерді офтальмологиялық скрининг, ерте диагностика және емдеу үшін жабдықтармен қамтамасыз ету
– 50 069 160 теңге

Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды роботтандырылған құралдармен (экзоскелеттермен) қамтамасыз ету – 54 000 000 теңге

ТЖ КЕЗІНДЕ ХАЛЫҚҚА КӨМЕК

(2 250 904 980 теңге; 39,71%)

Қаңтар оқиғалары кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету
– 1 331 000 000 теңге

Батыс Қазақстан облысында су тасқынынан зардап шеккендерге қайырымдылық көмек
– 771 904 980 теңге

Қостанай облысында өрттен зардап шеккендерге қайырымдылық көмек – 148 000 000 теңге

БІЛІМ БЕРУ

(1 325 648 411 теңге; 23,39%)

«Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру гранттары
– 1 002 907 713 теңге

Арнайы мектеп білім беру ұйымдарын жарақтандыру
– 146 340 698,22 теңге

«Болашақ инженерлер» бағдарламасы – 176 400 000 теңге

АТАУЛЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК

(24 960 000 теңге; 0,44%)

«QanattyLar» инклюзивті театры үшін сахналық костюмдер, реквизиттер, сценография жасау үшін төлем – 14 000 000 теңге

«Неокейт Джуниор» балаларға арналған диеталық емдік тағамның мамандандырылған азық-түлік өнімін жеткізу үшін төлем
– 9 490 000 теңге

Медициналық мамандарды шетелде оқыту – 1 470 000 теңге

5 668 907 612,8 теңге


2022 ЖЫЛЫ «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ-ДАҒЫ ЕСЕП ШОТЫНАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

№	Қайырымдылық бағдарламаның атауы	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	Жалпы құны, теңге	2022ж. Бағдарламаның жалпы құнынан «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
1	Орфандық аурулар бойынша дерілік заттарды сатып алу	1 963 325 061,58	34,63	30 000 000 000,00	6,54
2	Өңірлерді офтальмологиялық скрининг, ерте диагностика және емдеу үшін жабдықтармен қамтамасыз ету	50 069 160	0,88	326 775 300,00	15,32
3	Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды роботтандырылған құралдармен (экзоскелеттермен) қамтамасыз ету	54 000 000	0,95	117 000 000,00	46,15
4	«Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру гранттары	1 002 907 713	17,69	13 239 200 000,00	7,58
5	Арнайы мектеп білім беру ұйымдарын жарақтандыру	146 340 698,22	2,58	2 764 000 000,00	5,29
6	«Болашақ инженерлер» бағдарламасы	176 400 000	3,11	673 200 000,00	26,20
7	Қаңтар оқиғалары кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету	1 331 000 000	23,48	2 214 000 000,00	60,12
8	Батыс Қазақстан облысында су тасқынынан зардап шеккендерге қайырымдылық көмек	771 904 980	13,62	771 934 983,00	99,996
9	Қостанай облысында өрттен зардап шеккендерге қайырымдылық көмек	148 000 000	2,61	324 000 000,00	45,68
10	«QanattyLar» инклюзивті театры үшін сахналық костюмдер, реквизиттер, сценография жасау үшін төлем	14 000 000	0,25	14 000 000,00	100,00
11	«Неокейт Джуниор» балаларға арналған диеталық емдік тағамның мамандандырылған азық-түлік өнімін жеткізу үшін төлем	9 490 000	0,17	9 490 000	100,00
12	Медициналық мамандарды шетелде оқыту	1 470 000	0,03	13 863 800,00	10,60
Барлығы		5 668 907 612,80	100,00	50 467 464 083,00	




5 668 907 612,8 теңге

2022 ЖЫЛЫ «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ-ДАҒЫ ЕСЕП ШОТЫНАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ



5 668 907 612,8 теңге

2022 ЖЫЛЫ «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ-ДАҒЫ ЕСЕП ШОТЫНАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАСТАМАЛАРЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ



- Орфандық аурулар бойынша дәрілік заттарды сатып алу
- Өңірлерді офтальмологиялық скрининг, ерте диагностика және емдеу үшін жабдықтармен қамтамасыз ету
- Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды роботтандырылған құралдармен (экзоскелеттермен) қамтамасыз ету
- «Қазақстан халқына» ҚҚ білім беру гранттары
- Арнайы мектеп білім беру ұйымдарын жарақтандыру
- «Болашақ инженерлер» бағдарламасы
- Қаңтар оқиғалары кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету
- Батыс Қазақстан облысында су тасқынынан зардап шеккендерге қайырымдылық көмек
- Қостанай облысында өрттен зардап шеккендерге қайырымдылық көмек
- «QanattyLar» инклюзивті театры үшін сахналық костюмдер, реквизиттер, сценография жасау үшін төлем
- «Неокейт Джуниор» балаларға арналған диеталық емдік тағамның мамандандырылған азық-түлік өнімін жеткізу үшін төлем
- Медициналық мамандарды шетелде оқыту

ОРФАНДЫҚ АУРУЛАР БОЙЫНША ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ САТЫП АЛУ

Осы қайырымдылық бағдарлама шеңберінде сирек және күрделі аурулары бар балаларды қымбат және тіркелмеген препараттармен қамтамасыз ету жүргізіледі. Өткен жылы Қор сирек және күрделі аурулары бар барлығы **130** пациентті дәрілік заттармен қамтамасыз етті, оның ішінде 118 пациентте орфандық аурулары бар, оның ішінде 100 бала.

2022 жылғы 5 қазан – 30 желтоқсан аралығында **6** дәрілік затқа Қор «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ-дағы Қордың есеп шотынан алдын ала төлеу және толық төлеу шотына 1 963 325 061,58 теңге аударған:

1. Жамбыл облысынан жүйелі қызыл жегі бар 1969 жылы туған 1 пациентке «Бенлиста» (Белимумаб);
2. Нейробластома диагнозы қойылған «ПжБХФО» АҚ және «УМС» КҚ пациенттері болып табылатын 4 балаға «Карзиба» (Динутуксимаб бета);
3. 13 облыстан (Абай, Жетісу, Түркістан, Павлодар, Ақтөбе, Алматы, Қарағанды, Қостанай, ШҚО, СҚО, БҚО), Алматы қ., Шымкент қ. Муковисцидозбен ауыратын 27 пациентке арналған Лумива, Лумива Педиатрико, Трилекс;
4. Онкологиялық ауруы бар 2 науқасқа арналған «Рибоциклиб» (Кискали)м;
5. 1 типті Нейрофиброматозы бар 2 пациентке арналған «Коселуго» (Селуметиниб);
6. 3 облыстан (Жамбыл, Қарағанды, Маңғыстау) Эпилепсия диагнозы қойылған пациенттерге «Сабрил» (Вигабатрин).

Бағдарламаның жалпы құны 30 000 000 000 теңге болғанда 2022 жылы жалпы құнның 6,54%-ы және Қордың есеп айырысу шотынан «Еуразиялық банк» АҚ-ға жалпы төлемдердің 34,63%-ы іске асырылды.



Жалпы құны, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. Бағдарламаның жалпы құнынан «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
30 000 000 000	1 963 325 061,58	34,63%	6,54%



**Qazaqstan
halqyna**

ӨҢІРЛЕРДІ ОФТАЛЬМОЛОГИЯЛЫҚ СКРИНИНГ, ЕРТЕ ДИАГНОСТИКА ЖӘНЕ ЕМДЕУ ҮШІН ЖАБДЫҚТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бағдарламаның мақсаты еліміздің 14 өңірінде (Астана қ., Ақмола облысы, Қостанай облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Қарағанды облысы, Ұлытау облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Абай облысы, Павлодар облысы, Шымкент қ., Түркістан облысы, Қызылорда облысы, Маңғыстау облысы, Ақтөбе облысы) офтальмологиялық скринингпен және шала туылған балалардың ретинопатиясын уақтылы емдеумен, көру қабілеті нашар және соқырлықпен мүгедектік деңгейін төмендетумен, **31** медициналық ұйымды офтальмологиялық жабдықтармен жарақтандыру жолымен:

- Heine Omega 500 маңдай бинокулярлық офтальмоскоптары;
- 20D және 28D диагностикалық асфералық линзалар;
- PurePoint кристалдағы лазерлік-фотокоагуляторлармен диодты сорғымен медициналық офтальмологиялық лазерлерімен шала туылған балаларды қамту болып табылады.

Бағдарламаның жалпы құны 326 775 300 теңге болғанда 2022 жылы жалпы құнның 15,32%-ы және 2022 жылғы 22 қараша-14 желтоқсан кезеңінде Қордың «Еуразиялық банк» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 50 069 160 теңге мөлшерінде жалпы төлемдердің 0,88%-ы іске асырылды.



Жалпы құны, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. Бағдарламаның жалпы құнынан «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
326 775 300	50 069 160	0,88%	15,32%



ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫ РОБОТТАНДЫРЫЛҒАН ҚҰРАЛДАРМЕН (ЭКЗОСКЕЛЕТТЕРМЕН) ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Экзоскелеттерді іріктеу экзоскелет киюге қарсы көрсетілімдердің болуы немесе болмауы туралы көпсалалы топтың қорытындысын ұсынатын Ұлттық балалар оңалту орталығының (ҰБОО) базасында жүзеге асырылады.

«Cyberfund» ҚҚ техникалық оңалту құралдарына қажеттілік бойынша медициналық тексеру бойынша қамқорлыққа алынғандарды дайындау және толық сүйемелдеу жөніндегі іс-шараларды; оңалтуда экзоскелетті пайдалану үшін жаттығулар кешенін күнделікті сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын; ҰБОО-да қамқорлыққа алынғандарға консультациялар жүргізгені үшін ақы төлеуді және қамқорлыққа алынғандарды оңалту құралдарын пайдалануға және қолдануға дайындауға жәрдемдесуді жүргізеді.

2022 жылы ҚР түрлі өңірлерінен келген 13 баланың ішінен Астанада тұратындар экзоскелеттерді бірінші болып алды: БЦП бар 3 пациент және орталық жүйке жүйесінің туа біткен ақауы және гидроцефалиясы бар 1 пациент.

Бір экзоскелеттің құны 9 000 000 теңгені құрайды, 2022 жылғы 10 қазан – 21 қараша аралығында 2005 ж.т. және 2011 ж. т. БЦП бар 3 балаға экзоскелет жасағаны үшін түпкілікті төлем жасалды, сондай-ақ 2022 жылғы 23 қарашада 9 экзоскелет жасауға 50% алдын ала төлем жасалды.

Бағдарламаның жалпы бюджеті - 117 000 000 теңгені құрайды, 2022 жылы Қордың «Еуразиялық банк» АҚ-дағы есеп шотынан 54 000 000 теңге аударылды, бұл осы бағдарламаны жалпы іске асырудың 46,15%-ын құрайды.



Жалпы құны, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. Бағдарламаның жалпы құнынан «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
117 000 000	54 000 000	0,95%	46,15%



«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚҚ БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫ

Ауыл мектептерінің түлектерін және халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан студенттерді қолдау, ел азаматтарының осы санаты үшін жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру, сондай-ақ 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғалар кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтардың балаларын және жараланған балаларды қолдау мақсатында бағдарлама оларға жоғары білім алу үшін «бакалавр» және/немесе техникалық, кәсіби, орта білімнен кейін «қолданбалы бакалавр» дәрежесі беріліп, әлеуметтік осал топтардан шыққан азаматтар санаты үшін жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру бағдарламасын іске асыру бойынша серіктестермен бірлесіп білім беру гранттарын беруді көздейді: 85 ЖЖОКБҰ, «Taiburyl» ҚБ, «Эндаумент КАЗГЮУ» КҚ.



Талапкерлердің құжаттарын қабылдауды 2022 жылғы 10-20 тамыз аралығында ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары жүзеге асырды. ЖЖОКБҰ-ның «Қазақстан халқына» білім беру гранттарын беру жөніндегі 73 конкурстық комиссиясы 729 грант тағайындады.

Қазіргі студенттер бойынша бағдарламаға 84 ЖЖОКБҰ қатысты, конкурстық іріктеуді «Taiburyl» ҚБ және «Эндаумент КАЗГЮУ» КҚ 3 кезеңде өткізді.

Жалпы білім беру гранттары **2286** студентке берілді.

Бағдарламаның 4 оқу жылына арналған жалпы бюджеті 13 239 200 000 теңге мөлшерінде 2022 жылғы 9 қыркүйек – 28 желтоқсан кезеңінде Қордың «Еуразиялық банк» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 1 002 907 713,00 теңге аударылды, бұл бағдарламаның жалпы бюджетінің 7,58%-ын құрайды.



Жалпы құны, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. Бағдарламаның жалпы құнынан «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
13 239 200 000	1 002 907 713	17,69%	7,58%



**Qazaqstan
halqyna**

АРНАЙЫ МЕКТЕП БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН ЖАРАҚТАНДЫРУ

Осы қайырымдылық бағдарлама шеңберінде Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі, облыстардың әкімдіктері (Білім басқармалары), «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми–практикалық орталығы» РММ іске асыру жөніндегі әріптестерімен бірлесіп **99** арнаулы мектеп білім беру ұйымдарына қолдау көрсетіледі және жеке ерекшеліктеріне, психикалық және физикалық мүмкіндіктеріне қарамастан барлық балалардың дамуында жетістікке жету үшін білім алу және қажетті жағдайлар жасау үшін арнаулы білім беру ұйымдарының материалдық–техникалық базасын нығайту бойынша жүйелі көмек ұйымдастырылады.

Бағдарламаны іске асырудың 1 кезеңі шеңберінде 30 арнайы мектеп пен «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ жарақтандырылуда.

Бағдарламаның жалпы құны 2 764 000 000 теңге болғанда 2022 жылы бағдарламаның жалпы құнының 5,29%–ы және 2022 жылғы 22-27 желтоқсан кезеңінде Қордың «Еуразиялық банк» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 146 340 698,22 теңге мөлшерінде жалпы төлемдердің 2,58%-ы іске асырылды.




Жалпы құны, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. Бағдарламаның жалпы құнынан «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
2 764 000 000	146 340 698,22	2,58%	5,29%



«БОЛАШАҚ ИНЖЕНЕРЛЕР» БАҒДАРЛАМАСЫ

Инженерлік құзыреттер саласында қолжетімді және сапалы қосымша білім беру ортасын құру мақсатында шағын қалалар мен ауылдардың кемінде **161** мектебінің, сондай-ақ моноқалалардың 28 мектебінің оқушылары үшін «Арман-инжиниринг» ЖШС және «Инженерлік білім беруді дамыту Қоры» ҚҚ іске асыру жөніндегі әріптестерімен бірлесіп: кемінде 161 аудандық мектеп және моноқалалардағы 28 мектеп сыныптарын мектептер бағдарламалық қамтамасыз етуді, конструкторларды, электрониканы қамтитын робототехниканы (конструкциялау, электротехника, бағдарламалау) зерделеуге арналған бағдарламалық-аппараттық кешенмен жарақтандыру; «Бастауыш және орта мектептегі Робототехника» курсы бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын өткізу; сапалы білім беру процесін қамтамасыз ету үшін қазақстандық оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету; сапалы білім беру процесін қамтамасыз ету үшін бүкіл оқу жылы бойы мектептерді әдістемелік қолдауды жүзеге асыру жүргізіледі.

Бағдарламаның жалпы бюджеті 673 200 000 теңгені құрайды, 2022 жылғы 22 қараша – 21 желтоқсан кезеңінде іске асыру шеңберінде Қордың «Еуразиялық банк» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 176 400 000 теңге аударылды.



Жалпы құны, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. Бағдарламаның жалпы құнынан «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
673 200 000	176 400 000	3,11%	26,2%



**Qazaqstan
halqyna**

ҚАҢТАР ОҚИҒАЛАРЫ КЕЗІНДЕ ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ

2022 жыл ішінде Қор Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасынан қаңтар оқиғалары кезінде зардап шеккендердің тізімі (Бас прокуратура Қорға сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталуына қарай зардап шеккендердің тізімін беріп отырды), қаза тапқан және ауыр жараланған әскери қызметшілердің, ішкі істер және Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің тізімдері түрінде, сондай-ақ қайтыс болған отбасыларда қалған кәмелетке толмаған балалар туралы ақпараттың түсуіне қарай қайырымдылық көмек көрсетті.

2022 жылы Қор қайғылы қаңтар оқиғалары барысында зардап шеккен 542 адамға жалпы сомасы 2 млрд 118 млн теңгеге қайырымдылық көмек көрсетті.

2022 жылғы 13 қазан – 23 желтоқсан кезеңінде Қор Еуразиялық банктегі есеп шотынан қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына 7 000 000 теңгеден 1 067 000 000 теңгеге және қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде жараланған Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына 3 000 000 теңгеден 264 000 000 теңгеге қайырымдылық көмек көрсетті.

2022 жылы Қор «Еуразиялық банк» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 1 331 000 000 теңге мөлшерінде төлемдер аударды, бұл осы қайырымдылық көмектің жалпы құнының 60,12%-ын құрайды.

Жалпы құны, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. Бағдарламаның жалпы құнынан «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
2 214 000 000	1 331 000 000	23,48%	60,12%



Qazaqstan
halqyna

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК

2022 жылы жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы ТЖ кезінде БҚО Жәнібек және Қаратөбе аудандарының зардап шеккен тұрғындарына қайырымдылық көмек көрсетілді.

30 өтінім берілді, оның ішінде: Жәнібек ауданы Жақсыбай ауылында **7** тұрғын үй салуға (3 екі пәтерлі және 1 бір пәтерлі);

Қаратөбе ауданы Шалғын ауылында **23** бір қабатты бір пәтерлі тұрғын үй салу.

Қайырымдылық көмекті іске асыру шеңберінде 2022 жылғы 19 қыркүйек – 27 желтоқсан кезеңінде Қордың «Еуразиялық банк» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 771 904 980 теңге аударылды.

БҚО Жәнібек және Қаратөбе аудандарының зардап шеккен тұрғындары үшін тұрғын үй сапасын бағалау үшін сауалнама түрінде пікіртерім жүргізілді, сауалнама нәтижелері бойынша барлық 30 респондент объектілерді салу сапасына қанағаттанды, сондай-ақ Қор осы объектілерді қарау мақсатында көшпелі іс-шараларды жүзеге асырды. Тексеру әрлеу жұмыстарынан кейінгі кішігірім ақауларды анықтады, мысалы, үйлердің төбелеріндегі дақтар. Бұл ақауларды мердігерлер кепілдік бойынша 2023 жылдың көктемінде жояды.



Жалпы құны, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. Бағдарламаның жалпы құнынан «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
771 934 983	771 904 980	13,62%	99,996%



Qazaqstan
halqyna

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДА ӨРТТЕН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК

2022 жылғы 31 қазан – 8 қараша аралығында Қордың «Еуразиялық банк» АҚ-дағы есеп шотынан Қостанай облысының аумағында өрттің салдарынан тұрғын үйсіз қалған **74** қайырымдылық көмек алушы-отбасыларға (үй шаруашылықтарына) 2 000 000 теңгеден жалпы сомасы 148 000 000 теңгеге аударымдар жүргізілді.



Жалпы құны, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. Бағдарламаның жалпы құнынан «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
324 000 000	148 000 000	2,61%	45,68%



Qazaqstan
halqyna

«QANATTYLAR» ИНКЛЮЗИВТІ ТЕАТРЫ ҮШІН САХНАЛЫҚ КОСТЮМДЕР, РЕКВИЗИТТЕР, СЦЕНОГРАФИЯ ЖАСАУ ҮШІН ТӨЛЕМ

2022 жылы Қор «Еуразиялық банк» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан сахналық декорациялар сатып алу және костюмдер тігу, сондай-ақ мақсаты мүгедектігі бар адамдардың талантын дамыту, сахнада шығармашылық әлеуетін ілгерілету; жаңа мүмкіндіктерді іске асыру; тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету; өмір мен өнерге деген құштарлықты арттыру болып табылатын Орталық Азиядағы тұңғыш «QanattyLar» («Қанаттылар») инклюзивті театрының қойылымын аудиовизуалды ресімдеу және мультимедиялық сүйемелдеу үшін **14 000 000** теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетті.

«QanattyLar» театры 2021 жылы Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ашылды, қазіргі уақытта театрда 30-дан астам адам жұмыс істейді, олардың көпшілігі ерекше қажеттіліктері бар актерлер.



Жалпы құны, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. Бағдарламаның жалпы құнынан «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
14 000 000	14 000 000	0,25%	100%



**Qazaqstan
halqyna**

«НЕОКЕЙТ ДЖУНИОР» БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ДИЕТАЛЫҚ ЕМДІК ТАҒАМНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМІН ЖЕТКІЗУ ҮШІН ТӨЛЕМ

«НЕОКЕЙТ ДЖУНИОР» - 1 жастан 10 жасқа дейінгі балаларға арналған диеталық емдік тамақтануға арналған мамандандырылған өнім, құрамындағы ақуыз 100% аминқышқылдарына ауыстырылған гипоаллергенді қоспа, бұл аллергиялық реакцияларды жоюға мүмкіндік береді. Құрамына мальабсорбция жағдайында қажет және сиыр сүтінің ақуыздарына аллергиясы, поливалентті тағамдық аллергия, қысқа ішек синдромы бар 1 жастан асқан балалардың тағамдық қажеттіліктеріне сәйкес келетін дәрумендер мен минералдар кіреді.

2022 жылғы 8 қарашада Қор «Еуразиялық банк» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 2019 ж. т. ауыр жағдайдағы науқас үшін «Неокейт Джуниор» балаларға арналған диеталық емдік тамақтанудың мамандандырылған тамақ өнімі дәрілік препараты үшін 9 490 000 теңге аударды.



Жалпы құны, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. Бағдарламаның жалпы құнынан «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
9 490 000	9 490 000	0,17%	100%



Qazaqstan
halqyna

МЕДИЦИНАЛЫҚ МАМАНДАРДЫ ШЕТЕЛДЕ ОҚЫТУ

2022 жылы Қор 2022 жылғы 21 қараша – 9 желтоқсан кезеңінде Түркияның Стамбул қаласында Medical Park Göztepe клиникасында онкогематологиялық пациенттерге арналған реанимация және қарқынды терапия бөлімшесінің онколог дәрігерлеріне, гематологтарына және реаниматологтарына арналған 3 апталық тағылымдама шеңберінде «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» АҚ балалар онколог-гематологтарының, реаниматологтарының 6 маманын оқыту бойынша қайырымдылық көмек көрсетті. 2022 жылғы 11 қарашада Қор «Еуразиялық банк» АҚ-дағы есеп айырысу шотынан 6 маман үшін эконом-класс авиабилеттері үшін төлем шотына 1 470 000 теңге аударды.



Жалпы құны, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан іске асыру сомасы, теңге	2022ж. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан жалпы төлемдерден бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %	2022ж. Бағдарламаның жалпы құнынан «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ есеп айырысу шотынан бағдарлама бойынша шығыстардың үлесі, %
13 863 800	1 470 000	0,03%	10,60%